КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 12 мамыр іс №7119-25-00-2/3885 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«AZIAN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
Жеке кәсіпкер «TENDERGO» атауымен әрекет етуші Нуриден Нуркумович Усембаев,
Жеке кәсіпкер «КТ» атауымен әрекет етуші Тәуен Қажымарат

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының жауапкерлер «AZIAN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, жеке кәсіпкер «TENDERGO» атауымен әрекет етуші Нуриден Нуркумович Усембаевқа, жеке кәсіпкер «КТ» атауымен әрекет етуші Тәуен Қажымаратқа қатысты мемлекеттік сатып

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AZIAN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жеке кәсіпкер «TENDERGO» атауымен әрекет етуші Нуриден Нуркумович Усембаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп танылсын.

Жауапкер «AZIAN GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «TENDERGO» атауымен әрекет етуші Нуриден Нуркумович Усембаевтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының жауапкер «КТ» атауымен әрекет етуші Тәуен Қажымаратқа қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 12.05.2025

Дата вступления в законную силу: 18.06.2025, судья Жетибаев Ж. К., 22.07.2025